

**Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ бойынша
Қамқоршылық кеңестің ІУ отырысының хаттамасы**

Бауырластар ауылы

«25» тамыз 2023 ж.

Қаралатын мәселе:

1. Жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы
2. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілген жұмыстар туралы
3. Әлеуметтік осал топтағы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагогтар

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ директоры З.Б.Калыбаева жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы түсіндіріп өтті. «Биылғы оқу жылында Бауырластар 3, 5 елді мекендеріне көшіп келуші тұрғындардың көбеюіне байланысты мектептегі оқушы саны да артып отыр, яғни қосымша сыныптардың жасақталу қажеттілігі туындауда. Сол үшін мектепте сынып бөлмелерін дайындау туралы, бос лабораториялық кабинеттерді сыныпқа жабдықтап беру туралы ұсынысымды айтқым келіп отыр. Бірақ бұл жерде бөлмелердің көлемі кішкентай болғандықтан бұл сыныптарда оқушы саны 24-26 оқушыдан аспау керек. Одан артық бала кабинеттерге сыймайды. Және де бұл нормативтер мемлекеттік стандартта сай келеді. Жалпы алғанда, биылғы оқу жылын 65 сынып комплектісімен 1588 оқушымен бастағалы отырмыз. МАД тобынң тәрбиеленушілеріне 1 кабинетті жабдықтап береміз, жылжымалы кестемен 4 топта 91 тәрбиеленуші білім алады. Және тағы бір айта кететін жайт, мектепке жаңа педагогтарды қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына (2021 жылдың 19 қарашасындағы №568 өзгерістер) талаптарына сәйкес жүргізіледі. Яғни барлық педагог конкурстық негізде қабылданады» деп, жалпы жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Доскабылова 2022-2023 оқу жылында мектепте ата-ана қамқорлығынсыз қалған патронаттық тәрбиедегі 2 бала - 2 сынып оқушысы Алмағамбет Альбара, МАД тобының тәрбиеленушісі Алмағамбет Нисанурмен жасалған жұмыстарға тоқталып, баяндап берді. Бұл балалардың тәрбиешісі Төребекова Галия Жақсылыққызы өз міндетін адал атқарып, ана орнына ана болып отырған жақсы маман екендігін де атап өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.С.Орынбасарова сөз алды. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына өзгеріс енгізу» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №949 қаулысын негізге ала отырып, ҚР Үкіметінің 08.08.2022 ж. №544 қаулысына сәйкес, «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақты ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бойынша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бекітілген бұйрығының 10 қосымшасына мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

- 1) Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) Мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

- 4) Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) Білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзгеде санаттарына (бұдан әрі білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Осы аталған санаттарына қарап, білім алушылардың отбасы жағдайларына байланысты құжаттарын жинап, тиесілі материалдық көмек беру жөнінде айтып, аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсету керектігін нақты айтып өтті.

2023-2024 оқу жылында жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық көмек көрсету жөнінде 12 ата-анадан өтініш болды. Ата-аналардың өтініштері негізінде отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайлары зерттеліп, комиссия мүшелерінің шешімімен 12 отбасының (25 бала) құжаттары қамқоршылық кеңесінің отырысына ұсынылып отыр. Ұсынылып отырған оқушылардың тізімімен таныстырды.

1. Қанибек Жұмаәли
2. Қанибек Інжу
3. Нұрадинұлы Мағжан
4. Жеңіс Ақбаян Беріқалиқызы
5. Жеңіс Жолдас Беріқалиұлы
6. Қодаров Аслан Беріқалиұлы
7. Зәкір Рамазан Әбдірасулұлы
8. Зәкір Аяулым Әбдірасулқызы
9. Зәкір Сауран Әбдірасулұлы
- 10..Улия Мадияр Айбекұлы
11. Улия Ислам Айбекұлы
12. Садуев Мынжасар Түгелбайұлы
13. Байдосұлы Омар
14. Мұстафа Румеиса Жанболатқызы
15. Мұстафа Зере Жанболатқызы
16. Мұстафа Аиша Жанболатқызы
17. Қобланбай Жансая Жиеналииқызы
18. Қобланбай Амандық Жиеналииқызы
19. Ақжігітов Бексұлтан Бауыржанұлы
20. Ақжігітов Ерсұлтан Бауыржанұлы
21. Қалдыбай Аружан Әділханқызы
22. Қалдыбай Азиза Әділханқызы
23. Бахыт Аслан
24. Бахыт Ислам
25. Алихан Мәлс.

Осы балалардың отбасы материалдық көмекке мұқтаж, мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, көпбалалы, жанбасына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасы екендігіне тоқталып өтті.

Сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ибраимов Н.И. «Материалдық көмекке ұсынылып отырған отбасылардың барлық құжаттарын қарап шықтық, отбасының тұрмыстық жағдайын туралы зерттеу актілерін көріп отырмыз. Осындай жағдайдағы отбасыларына мемлекет тарапынан берілетін көмекке ұснұға бірауыздан келісім береміз. Тіпті, ауыл тұрғындары арасынан көмек көрсетемін деген азаматтарды да игі іске тартуға көмектемесіз» деп, өз ойын ортаға салды. Ибраимов Н.И.сөзіне кеңес мүшелерінің барлығы бірауыздан колдады.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болған соң кеңес төрайымы Шарипова Ф.Н. сөз алды. Ол өз сөзін қамқоршылық кеңес құрамына өзгеріс енгізу туралы айтумен бастады.

Жақанов Т.Х. Доскабылов Б.О. Калилаев Ж.О. Балғалыев Ә.С. Абишева Г.Д. осы азаматтардың осы жаңа оқу жылынан бастап қамқоршылық кеңесінің мүшелігінен босату туралы өтініштерімен таныстырып, алдағы уақытта қамқоршылық кеңесіне жаңа құрамды жасақтау үшін хабарландыру берілетіндігі туралы айтты. ҚР Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгі қағидаларын» қолданысқа ала отырып жүзеге асыруды «Қамқоршылық кеңесінің» жаңадан құрамын, мүшелерін сайлау туралы ұсыныс жасай отырып, ережеге сәйкес қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болуы қажет екендігін де атап өтті. Алдағы уақытта мектеп сайтына хабарландыру жариялананып, түскен өтініштер, ұсыныстар қаралып, білім бөлімінің басшысымен қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы бекітілетіндігін жеткізді.

Шешім:

1. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілген жұмыс «жақсы»деп бағаланып, алдағы уақытта өз жалғасын тапсын.
2. Жоғарыда көрсетілген тізім бойынша мемлекеттік қаржылай көмекке ұсынылған отбасы балаларына 41567 (қырық бір мың бес жүз алпыс жеті) теңгеден қаржылай көмек берілсін және мектептен тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің құрамын өзгерту туралы мектеп сайтына хабарлама жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



Шарипова Ф.Н

Хатшы:



Кусайнова.Л.У

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Тулегенова С.Ж.

2. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Ибраимов Н.И.

3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Жақанов Т.Х.

4. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Доскабылов Б.О.

5. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Сағиева К.О..

6. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Калилаев Ж.О.

7. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Балғалыев Ә.С.

8. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:



Абишева Г.Д.